№ 8-4859 от 21.08.2024

Кімге: Жоламанов Жамбыл Қуанышұлы
Қайда: *БҚО, Тасқала ауданы,*
Амангелді ауылы, Абай көшесі 11 үй

ХАБАРЛАМА

«21» тамыз 2024ж. **Орал қаласы**

Батыс Қазақстан облысының Әділет Департаментінің Орал қаласының мәжбүрлеп орындату аумақтық бөлімінде борышкер Жамбыл Қуанышұлы Жоламановтан талап қоюшы БҚО Тасқала ауданы әкімінің аппараты ММ-сі пайдасына 4 084 052,02 (төрт миллион сексен төрт мың елу екі) теңге өндіру туралы Тасқала аудандық сотының 14.06.2024 жылғы сот шешімі бойынша № 2760-24-00-2/70-1 санды атқару парағы мәжбүрлеп орындауға келіп түсті.

19.08.2024 жылы №488/24-27-64 санымен Сізден талап қоюшы БҚО Тасқала ауданы әкімінің аппараты ММ-сі пайдасына 4 084 052,02 (төрт миллион сексен төрт мың елу екі) теңге өндіру туралы атқарушылық іс жүргізу қозғалды.

Сот орындаушысы атқарушылық өндірістерді қозғай отырып, «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР Заңының 32 бабына сай, сот орындаушысы атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

Атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар мыналар болып табылады:

1) борышкердің өзіндегі не өзге де жеке немесе заңды тұлғалардағы (банктерді және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарды, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарын қоспағанда) ақшасы мен бағалы қағаздарын қоса алғанда, мүлкіне тыйым салу;

1-1) борышкердің банктердегі, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарындағы ақшасы мен мүлкіне тыйым салу;

2) борышкердің өзіндегі не өзге де жеке немесе заңды тұлғалардағы жылжымалы мүлкін алып қою;

2-1) борышкердің өзіндегі не өзге де жеке немесе заңды тұлғалардағы жылжымайтын мүлкін алып қою;

3) борышкерге белгілі бір іс-әрекеттер жасауға тыйым салу, оның ішінде заңды тұлға органдарына шешімдер қабылдауға тыйым салу, сол сияқты заңды тұлғаның жылжымалы және жылжымайтын мүлкін, мүліктік және мүліктік емес құқықтарын, бағалы қағаздарын және жарғылық капитал мен мүліктегі үлестерін иеліктен шығару жөнінде қабылданған шешімдердің қолданылуын тоқтата тұру;

4) борышкердің оған меншік құқығы негізінде тиесілі мүлікті, оның ішінде ақшаны пайдалануына тыйым салу не оларды сот атқарушысы белгілеген шекте пайдалануға нұсқау беру;

5) борышкер мүлкіне сүргі салу;

6) құқық белгілейтін құжаттарды алып қою;

7) басқа адамдардың борышкерге мүлік, оның ішінде ақша беруіне немесе оған қатысты өзге де іс-әрекеттерді орындауына тыйым салу.

3. Қажет болған жағдайларда орындауды қамтамасыз етудің бірнеше түрі қолданылуы мүмкін.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР Заңының 16 бабына сай Сізге атқарушылық өндірісіндегі іс- құжаттарымен танысуға, іс құжаттарының көшірмесін алуға, қосымша іс-құжаттар беруге, атқарушылық өндірісі бойынша іске ауызша, жазбаша арыз, өтініш, түсініктемелер беруге болатынын түсіндіреді.

Осы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) күн өткеннен кейін Сіздің берешегіңіз 40 АЕК астам соммаға сот шешімін орындаудағы сот орындаушысының талаптары орындалмаған жағдайда сот орындаушысы Сізге Қазақстан Республикасынан шығуын уақытша шектеу туралы қаулы шығарылатынын ескертеді.

Жоғарыдағыларды ескере отырып атқарушылық құжаттың талаптарын орындауыңыз қажет және ол туралы БҚО Әділет департаменті Орал қаласының мәжбүрлеп орындату аумақтық бөлімінің мемлекеттік сот орындаушысына 2024 жылдың 3 қыркүйек айына дейін хабарлауыңыз сұралады.

Жалғанды : Атқарушылық іс жүргізуді қозғау туралы қаулы -1 бетте

Орал қаласының мәжбүрлеп
орындату аумақтық бөлімі
филиалының сот орындаушысы **А.Ж.Анесов**

Жұмыс тел: 8(7112) 50-02-60,
ұялы тел: 8 702-906-13-18,
e-mail: a.anesov@adilet.gov.kz

Дата: 21.08.2024 17:47. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Анесов Адилет Жанибекович 21.08.2024 17:47